



ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТ САБАҚТАРЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

**НҮРЖАНОВА АЙГҮЛ
БАЙМҰРАТҚЫЗЫ**

*Түркістан облысы, Арыс қаласы,
С.Сейфуллин атындағы жалпы білім
беретін мектебінің қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі*

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті- ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;... оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» - деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді.

Бұл міндеттерді шешу үшін, мектеп ұжымдарының, әр мұғалімнің күнделікті ізденісі арқылы, барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа практикаға, жаңа қарым- қатынасқа өту қажеттілігі туындайды. Сондықтан да қазіргі қоғамымызда әр мұғалім өз іс-әрекетінде қажетті өзгерістерді әр түрлі тәжірибелер жөніндегі мағлұматтарды жаңа әдіс-тәсілдерді дер кезінде

қабылдап дұрыс пайдалана білуі керек. Сонымен қатар мектептегі оқу- тәрбие жүйесі, мұғалім- оқушы арасындағы қарым-қатынас жалпы оқытуды ұйымдастыру талапқа сай елеулі өзгерістерді қажет етіп отыр.

Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс- әрекетінің ғылыми- педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі.

Инновация – педагогикалық процеске оқыту мен тәрбиенің жаңа тұжырымдамаларын, оқу жоспарларын және бағдарламаларын, түрлерін, әдістерін, құралдарын енгізіп,мақсатқа жету. Инновациялық үрдіссіз мектептің дамуы мүмкін емес. Инновациялық мектептердің мақсаты – жеке тұлғаны жан-жақты дамыту.

Инновациялық үрдісті зерттеу барысында жүйенің бір жағдайдан екінші бір жағдайға көшуі және жаңалықты енгізу үрдісіне басшылық жасау мәселелерін зерттеу маңыздылығы Н.В.Горбунова, М.В.Кларин, А.В.Лоренсов,М.М.Поташник,Л.И.Романова, В.И.Загвязинский,А.Я.Найн, Т.И.Шамова, О.Г.Хомерики т.б. зерттеулерінде қарастырылған.

Оқытудың тиімділігін арттыру мақсатында жаңа білім парадигмасына сүйене отырып, біз оқыту технологияларының тиімді жақтарын таңдап алуымыз қажет және оқу-тәрбие

үрдісінде озық технологияларды белсенділікпен енгізуіміз керек.

Еліміздің болашағы көркейіп өркениетті елдің қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақ бейнесінен көрінеді. Қазіргі білім беру саласындағы мәселе-әлеуметтік – педагогикалық және ұйымдастыру тұрғысынан білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді жаңа әдістерін іздестіру, оны өмірге пайдалану.

Мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқыту үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны өндіруді міндеттейді.

Жаңа технологияның мақсаты-оқытуды ізгілендіру, яғни оқу құралдары оқушылардың өздігінен танымдық іс-әрекетін жүргізе алатындай болуы керек. Жаңа педагогикалық технологиялар оқушының шығармашылық қабілеттерін арттыруға өз үлесін қосады.

Мемлекеттік тілдің мәртебесін нығайтып, қолданыс аясын кеңейтуде оқытудың жаңа технологияларының ықпалы зор. Қазақ осы тұрғыда арнайы технологиялық ақпараттық құралдар негізіндегі педагогикалық технологияларды біз қазақ тілі сабақтарында да кеңінен пайдаланамыз. Олардың қатарына интерактивті тақта, интернет ресурстарымен жұмыс, мультимедиялық кітапхана, қашықтан жүргізілетін сабақтар, диспуттар мен тренингтер. Жаңа технологиялар білім беру мен тәрбие жүйесін бірдей қамтуымен ерекшеленеді. Жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану- педагогикалық іс-әрекеттердің мазмұны мен формасын толықтыру негізінде оқыту үрдісін жетілдірудің бірден – бір жолы.

Жаңа технологияларды пайдаланып оқыту мынандай нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді:

- оқу материалын терең түсіну;
- оқу мотивациясының артуы;
- алған білімнің неғұрлым ұзақ уақыт есте сақалуы;
- білім беруге жұмсалатын шығынның азаюы;

Заман талабына сай күнделікті сабақ барысында бейне және аудио-кұрылғыларды, теледидарды, компьютерді, электронды оқулықты, интерактивті тақтаны қолдану оқушылардың тілді үйренуге деген белсенділігін арттырып, ең бастысы олардың шығармашылықпен жұмыс істеуіне жағдай жасайды.

Сабақ барысында кеңінен қолданылып жүген технологиялардың бірі- модульді оқыту. Модульді оқыту технологиясы негізінен үш бөлімнен тұрады (кіріспе, сөйлесу бөлімі, қорытынды).

Қазақ тілін жаңа технологияларды қолдана отырып оқушы қызығушылығын арттыруға және қазақ тілін жылдам әрі тиімді үйреніп алуға болады. Қазіргі таңда инновациялық технологиялардың көптеген түрлері бар. Атап айтсақ, модульдік технология, сын тұрғысынан ойлау, тірек-сызба технологиясы, дамыта оқыту, проблемалық оқыту, деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы және ойын технологиясы, ақпараттық технология. Біз өзіміздің тәжірибемізде жаңа технологиялардың ішінде модульдік технологияны қолданамыз. Бұл технологиямен жұмыс барысында мұғалім структуралық бөлімдерді мазмұнмен байытады, тәжірибе жинақтайды.

Жеке тақырыпты модульдік оқыту жағдайында сабақтың ақпараттық структуралық компоненттерінің мазмұны төмендегіше анықталады.

1.Сабақ мазмұнын оқу элементтеріне бөліп оған мақсат қоя білу.

2. Оқу мазмұнын оқу элементтері бойынша деңгейлеп беру.

3.Оқушының сыныптан тыс қызметін ұйымдастыру.

4.Сабақтың логикалық құрылымын белгілеу.

5.Түзету- ескертпе жасау.

Жалпы оқу процесін бүтіндей модульдік оқытуға бейімдеу ісі оқу пәнінің бүтіндей курсын тақырыптың немесе тарау, бөлім бойынша модульдеуге, сабақтың ақпараттық-структуралық компоненттерін жасауға тікелей байланысты. Себебі, ол оқушының танымдық көзқарасын қалыптастыруға, ізденіс ұлғайтуға, шығармашылық қабілетін арттыруға, өзіндік жұмыстарды тез орындауға көмектеседі. Оқу үрдісінде жаңа технологияларды қолдану аса маңызды.

Осы технологияларды пайдаланудың тиімді тұстары:

-оқушының пәнге деген жеке қызығушылығын оятады;

- танымдық қабілеттілігін қалыптастырады;

- оқушыны шығармашылық жұмысқа баулиды;

-мұғалімнің уақытын үнемдейді;

- қосымша мәліметтерді береді.

Жаңа технологияларды сабақта қолданудың тиімділігін қашан да жолға қоярымыз анық. Қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне оқыту өте күрделі мәселелердің бірі.

Өзім сабақта бірнеше технологияның элементтерін қолданып жүрмін. яғни сабақта тірек- сызбаларды қолдану. Тірек –сызбалары арқылы оқушылар сөз тіркесін, сөйлемдер, әңгіме құрады. Бұл технология түрі оқушылар сабақты қаншалықты меңгергенін байқауға болады, сондай-ақ оқушының танымдық қасиетін арттырады, сөз қорын байытады.

Тірек сызбаларды мына бағыттар үшін қолданамын:

- Сөздік қорларын байыту;

- Сөйлем, әңгіме құрастыру;

- Әңгімені құрастыру;

- Жұмбақтарды жасыру және жауабын табу;

- Тақпақтарды жаттау.Сабақ барысында оқушы сол тақырып төңірегінде ізденіп тақырыпты кеңінен ашады. Мысалы: тақырып « Жыл мезгілдері» I-топ « Қыс», II-топ « Көктем»,III-топ «Күз»,VI-топ « Жаз». Әр топ оқушылары өз тақырыптарына сай өлеңдер, тақпақтар айта отырып, жыл мезгілдері туралы әңгіме құрады, әр топ өзінің тақырыбын толық қорғап шығады.

Қазіргі кездегі жаңа технологияның бірі визуалді компоненттер қолдану түрі.Бұл технологияның ерекшелігі оқушыны сурет бойынша сөйлету. Бұл технология оқушылардың есте сақтау қабілетін арттырады. Келесі қолданып жүрген әдісім ол деңгейлік тапсырма.Мысалы: « Күз» тақырыбы бойынша мынандай деңгейлік тапсырма қолдандым.

III –деңгей Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді жазыңдар.

Күз айлары -,... . Күздігүні ... жауады. Балалар ... барады. Күзде күн ...болады.

Керекті сөздер: қыркүйек, жаңбыр, қазан, қараша, қысқа, мектепке.

II- деңгей төмендегі сөз тіркестерінің аудармасын жазыңдар.

Осенью, прохладный, урок, холодный, первый снег, учебный год, осенний.

I-Деңгей «Күз» тақырыбына әңгіме жазыңдар. Осындай тапсырмалар арқылы әр өткен тақырыпты пысықтауға болады.

«Ауылда» тақырыбын өткенде мынандай тірек сызбаны пайдаландым



Қазақ тілін оқытуда түрлі әдістемелер қолдануға болады. Қай әдістемені лданса да қарапайым тілмен, оқушыға түсінікті болу керек.

Қорыта айтқанда, қазақ тілін меңгеру өте маңызды. Ол оқушылардың ой- өрістерін кеңейтеді, халықаралық достыққа, мәдениетке тәрбиелейді.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай, « Еліміздің ертеңі – бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры- ұстаздардың қолында».

Сондықтан біз, ұстаздар, ХХІ ғасырдың біздің алдымызға қойып отырған барлық талаптарына сай болып, білімімізді үздіксіз көтеріп отыруымыз қажет. Әлемдік бәсекелестікте табысқа

жету үшін күшті рух пен білім қажет деп білер болсақ, еліміздің келешегі талантты, дарынды, өзіне сенетін жастардың қолында екендігін мен өзімнің шәкірттеріме үнемі айтып отырамын. Біздің мақсатымыз- заман талабына сай білімді де білікті маман тәрбиелеу.

МУЗЫКАЛЫҚ - ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР ЖИНАҒЫ

**ОРАЗАЛИЕВА МЕРУЕРТ
СЕИТКАНОВНА**

*Түркістан облысы, Арыс қаласы
С.Сейфуллин атындағы жалпы
білім беретін мектебінің
музыка пәнінің мұғалімі*

Музыка балаға оның ерте даму кезеңдерінен бастап әсер етеді. Сондықтан да ерте балалық шақта осы музыкалық байланысты үзбеу керек және баланың музыкалық қабілеттерін дамытуға барынша күш жұмсау керек.

Тұлғаның дамуы мен қалыптасуының басты ірге тасы балалық шақта қаланатындығын естен шығармау керек, ал музыка дамуы жеделдетуші жақсы құрал болып табылады.

Баланы музыкалық дамыту табиғи түрде және мәжбүрсіз жүзеге асырылуы керек, яғни ойын формасында. Ойын - мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған қызметтің негізгі түрі. Балалардың өзіндік музыкалық қызметін дамытудың маңызды құралдарының бірі - музыкалық дидактикалық ойындар болып табылады.

«Менің балапандарым қайда»

(дыбыстық жоғары есту қабілетін дамыту мен бағдарлама материалын бекітуге арналған)

Ойын материалы: Төрт үлкен карточка мен бірнеше кішкене карточкалар (ойыншылар саны бойынша). Үлкен карточкаларға қаздың, үйректің, тауықтың, құстың суреттері салынған; кішкентайларына қаздың, үйректің, тауықтың, құстың ұядағы балапандары салынған.

Ойын барысы: Балалар музыкалық жетекшіге қарама – қарсы жартылай шеңбер жасап отырады, әрқайсының қолында бір – біреуден кішкентай карточка бар. Музыкалық жетекші ойнауды ұсынады да әңгімесін бастайды:

Бір аулада балапандарымен тауық, үйрек, қаз өмір сүріпті, ал ауланың сыртындағы ұяда құс балапандарымен тұрыпты. Бірде қатты жел соғып, жаңбыр жауды да, барлығы тығылып қалды.

Ең бірінші болып өз балапандарын үйрек шақырады (суретті көрсетеді): «Менің балапандарым, сүйкімді балақандарым қайда? Кря, кря!» (бірінші октаваның ре дыбысы бойынша ән салады).

Карточкаларында үйректің балапандарының суреті салынған балалар оларды көтеріп, былай деп жауап береді: «Кря – кря, біз мұндамыз» (бірінші октаваның ля дыбысы бойынша ән салады).

Музыкалық жетекші былай деп жалғастырады: «үйрек өз балапандарын тапқанына қатты қуанады (карточкаларды жинап алады). Барлық құстар өз балаларын тауып алғанша ойын жалғасады.

«Көңілді – мұңды» ойыны

(музыкалық туындының ерекшелігін анықтау үшін)

Ойын материалы: Төрт үлкен карточка: көңілді құлыншақ, көңілді ойыншықтар (тиін немесе піл), мұңды ит, мұңды қоян.

Осы кейіпкерлердің суреттері салынған бірнеше кішкентай карточкалар.

Ойын барысы: Музыкалық жетекші әртүрлі әуендерді орындайды Балалар әуенді тыңдайды да сәйкес карточканы көрсетеді.

Көңілді

Жылқы жағалауда жүр екен

Жасыл желек үстінде.

Ол басын шұлғып,

Қара жалың желпілдетіп,

Алтын жүгенін сылдырлатып

Сыңғыр, сыңғыр ете

Тағып алған қоңыраулары,

Жорғалап ол жүреді

Мұңды

Мұңды көңілсіз жануарлар,

Олар ауырып қалған шығар.

Қоянның аяғы ауырып тұр,

Тұнжырап мұнайып тұр.

Сондықтанда олар,

Иттің басы ауырып тұр

«Үнінен таны»

Ойын материалы: Дабыл, сылдырмақ, үскірік, ксилофон, керме (ширма)

Ойын барысы.

Музыка! Музыка!

Бұл не екен өзі?

Мүмкін бұл,

Көгілдір аспан шығар!

Мүмкін бұл,

Таңғы арай шығар?

Ал, мүмкін, музыка –

Тек қана дыбыстар шығар!

«Музыкалық сағат»

Ойын материалы: Қатты картоннан істелінген сағат.

Ойын барысы: Музыкалық жетекші балаларға таныс әннің әуенін ойнайды және әуенді тыңдап болғаннан кейін балаларға қай әннің орындалғанын сағат тілімен көрсетуді ұсынады. «Жасыл шырша», «Биші болам өскенде», «Біз бақытты баламыз», «Домбыра сазы», «Аяз ата», «Жаңбыр» «Сылдырмақ». Әннің басын тыңдағаннан кейін бір бала шығады да тыңдалған әуенге сәйкес келетін картинаны сағаттың тілімен көрсетеді. Ойын сағаттағы суреттерді айналып келгенше жалғасады.

«Музыкадағы үш кит»

Ойын материалы: Қатты картоннан жасалынған үш кит.

Ойын барысы: Ойын музыкадағы «Үш кит» тақырыбы бойынша балалардың білімін бекіту үшін таныс материалдармен өткізіледі. Балалар үш шеңбер жасап тұрады, ортасында қолына «kit» ұстаған бала тұрады. «Марш» әуені ойнағанда кит – марш шеңберінде тұрған балалар марштайды. Ал «полька» әуені ойнағанда кит – биі, «Достық» әні ойнағанда кит – ән

шеңберінде тұрған балалар әндетеді. Музыка жетекшісі музыкалық материалды өз қалауы мен тақырыпты бекіту қажеттілігіне байланысты таңдайды.

«Өз аспабыңды тап»

Ойын материалы: Музыкалық аспаптардың суреттері бейнеленген түссіз карточкалар және түрлі түсті төртке бөлінген үш карта, және балаларға арналған муз аспаптар, ширма.

Ойын барысы: Ойынға бір жүргізуші, екі бала қажет. Жүргізуші ширманың артындағы аспаптардың жанына төртке бөлінген түсті картаны қояды, ал түссіз картаны ойнайтын балаларға таратып береді. Балаларға аспаптардың дауысын тағыда біррет тыңдатып, өлең айта бастайды солай ойын басталады. Жүргізуші суреттің бір бөлігін көтеріп сол аспапта ойнап мен қандай аспапта ойнадым деп сұрайды. Дұрыс жауап берген балаға түсті картаның бір бөлігін беріліп ол карта түссіз картаның үстіне қойылады. Ойын карта жабылғанша жалғаса береді.

МББ аты: «Республикалық 45minut.kz» газеті | МББ тілі: қазақша, орысша, ағылшынша

Шығу жиілігі: аптасына 1 рет Тарату аумағы: Қазақстан Республикасы

Меншік иесі: «Қаламгер ТЕН» ЖШС Алматы қаласы Бас редакторы: Нагиев И. Б.

Негізгі тақырыптық бағыты: білім беретін, ғылыми, танымдық, жарнамалық

«Республикалық 45minut.kz» газетіне жарияланған ақпараттардың авторлық құқы ақпарат авторына тиесілі, редакция жауапты емес. Жарияланған ақпарат авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, 2012 жылғы 19 наурызда № 12341-Г куәлігі берілді.

Газеттің қайта тіркеуден өткен күні: 08.08.2019 жыл Куәлік № KZ48VPY00013618. Нұр-Сұлтан қаласы

Тапсырыс: 562 Таралымы: 3000 дана.

Газет «Қаламгер ТЕН» ЖШС баспаханасында басылды.

Алматы қаласы – 2024 жыл Телефон: 8 777 055 0590